



КОНКУРС «Астана и Президент»

**Балмуханова Сымбат,
№ 14 орта мектебінің 7 сынып оқушысы**

Көргенінді бүгінгі
Жаз, жаз қалам, тер қалам,
Жүрегім, сырым сенікі,
Кеңісті далам, кең далам,
Ен далам-анам, мен-балаң
Ендеше қалам бер маған.

I.Жансүгіров «Дала» поэмасы

Иә, біз бүгін тәңір мен тарихтың ерекше бір шапағатты нұрына бөленіп тұрмыз. Бүгін – тірінің шыңдап тебіренетін, өлінің, расында да, жатқан орнынан аударылып түсетін күні – деп 1998 жылы маусымның 10-ы күні Елбасымыз Астана қаласын Қазақстанның Елордасы екендігі халық және әлем алдында жариялаған болатын. Сол қуанышты, салтанатты күні Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Жігітке ерлік те оңай, билік те оңай, қажытпас қабырғалы болса халық», – деген ақын бабамыз Әбубәкір Кердерінің аталы сөзінен бастай отырып. Тәуекелге бел байлатып, назарымызды сындырмаған, ізгі ниеттің ізгі нәтижеге, асыл арманның абыройлы іске айналуына кеңінен қолдау көрсетіп, қысылғанда тірек, қиналғанда медет болған туған халқына, барша отандастарыма, күллі қазақстандықтарға басымды иіп адал перзенттік жүрегіммен: «Садағаң кетейін, айналайын халқым! Сенің мүддең жолында бойда қуат, ойда нәр-бәрін аянбай сарп етуге пейілмін» - деп сөз сөйлеген болатын.

– Нұраға! Аспан түстес туымыздың астында жиналатын мезгіл жеткенін бүгінде дәлелдеп келеміз. «Бойда қуат, ойда көз» барында сөзге қарымтасы кетпеген халқымыз қашан да сөз асылын тани да білген ғой. Сіздің әрбір жолы халықтың алдындағы жолдаған жолдауларыңызды оқи отырып, сіз арқылы бойымызға күш-қуат жинап, елімізге, жерімізге деген сүйіспеншілігіміз арта түседі. Отан алдында арқалап келе жатқан үкілі үмітіңізді келешек ұрпақ яғни біз жастар сіз бастаған жаңа бастамаларыңызбен игі істеріңізді орындауға ат салысамыз және оған сізді сендіреміз!

[Введите текст]

Бүгінгі Қазақстан – әлемдік аренадан өз орнын ойып алған. Азия мен Европаны мойындата білген өжет елдің мекені.

Мен – өркениет өріне қадам басқан еркін елдің өренімін. Өткенге бойлап, бүгінді ақыл-таразысына салып баға беру, ғасырлар тоғысында өмір сүріп жатқан қазақ мемлекеті туралы өз пікірін айту менің де парызым!...

Туған қалам – Астана күн сайын құлпыра өсіп келеді. Қала көз алдымызда сәулетті де сәнді шаһарға айналды. Сылдырай аққан ерке Есіл өз сұлулығы мен қаланы көріктендіре түсуде. Есілдің суы мөп-мөлдiр, тұп-тұнық. Бұл өзеннің мөлдiрлігі қандай?! Оны ауызбен айтып жеткізе алмайсың.

Есіл өзен – мақтанышы, киелі,
Перзенттерің сені мәңгі сүйеді.
Бәрі мендік – гауһар тасың, суың да,
Ботасындай жатып қалған түйенің.

Жаңа астанамыз бүгінгі күні өзінің зәулім құрылысымен ғана емес, рухани орталықтарымен де көркейіп келеді. Мұның бәрі – Елбасының елеулі еңбегі.

Осындай мемлекет орнатып, біз талай тауқыметті бастан кешкен, бірақ бірегей көп ұлтты Қазақстан халқын асырап-сақтаған, баулап-түлеткен, мейірімі мәңгі де дарқан қасиетті қазақ жерінің алдындағы, қазақстандықтардың ұрпағы алдындағы өз парызымызды орындайтын боламыз. Халықтың кемеңгерлігіне, бойындағы сарқылмас рухани және шығармашылық қабілетіне сенемін. Сондықтан да барлық ойға алған істеріңізді іске асыратындығыңызға бір сәт те күмәнданбағанбыз.

Аз уақыт ішінде көркейіп, түрленген, тәуелсіздігіміздің түлегі, Отанымыздың жүрегі Астанамыз да елдігіміздің жаңа беттерін ашқандай, тәуелсіздігімізді әйгілегендей болып тұр. Жастарымызды болашаққа бастайтын бас қаламыз, арман қала – жас қаламыз өнер – білім мен мәдениет пен ғылымның ордасына айналуға.

Маңдайың ашық, жолың кең, қадамың құтты, аларың асқар, жетерің жемісті, саналарың жеңісті болсын, жас Астана!